

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЖЫЛДАМ ТҰРҒЫЗЫЛАТЫН МОДУЛЬДІК
АУРУХАНАЛАРДЫ ЖОБАЛАУ УАҚЫТША
НОРМАЛАР**

**ВРЕМЕННЫЕ НОРМЫ ДЛЯ
ПРОЕКТИРОВАНИЯ БЫСТРОВОЗВОДИМЫХ
МОДУЛЬНЫХ БОЛЬНИЦ**

**ҚР ҚН 3.02-39-2020
СН РК 3.02-39-2020**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития
Республики Казахстан**

Нур-Султан 2020

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «Қазақстан Құрылыс салушылар қауымдастығы» ЗТБ
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2020 жылғы №111-НҚ бұйрығымен 10 тамыздан бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** ОЮЛ «Ассоциация застройщиков Казахстана»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 10 августа №111 2020 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыңыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	1
2. Жалпы қағидалар	1
3. Учаскені жоспарлау және аумақты ұйымдастыру.....	2
4. Көлемдік-жоспарлық шешімдер	2
5. Құрылымдық шешімдер	4
6. Сумен қамту және кәріз жүйесі.....	4
7. Жылумен қамту. Жылыту. Желдету және ауаны кондициялау	5
8. Электртехникалық құрылғылар	6
9. Өрт қауіпсіздігі	7
А қосымшасы (міндетті) Бөлмелердің құрамы мен аудандары	8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЖЫЛДАМ ТҰРҒЫЗЫЛАТЫН МОДУЛЬДІК АУРУХАНАЛАРДЫ ЖОБАЛАУҒА
АРНАЛҒАН УАҚЫТША НОРМАЛАР

TIME STANDARDS FOR DESIGNING PREFABRICATED MODULAR
HOSPITALS

Енгізілген күні - 2020-08-10

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары ғимараттар мен орынжайлардың аумағына, көлемдік-жоспарлық және құрылымдық шешімдеріне, жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханалардың өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ дайын модульдік құрылымдардан жасалатын жылдам тұрғызылатын модульдік кешендерді, дайын модульдік құрылымдарды, контейнерлік құрастырмалы-ағытпалы типті ғимараттарды немесе блокты темірбетон құрылымдарын жобалауға және тұрғызуға қойылатын талаптарды, сонымен қатар төтенше жағдайлар кезеңінде немесе пандемиялар, эпидемиялар және карантиндік шаралар кезінде оларда ауруханаларды жайғастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрылыс нормалары инфекциялық ауруханаларды жайғастыруға арналған жылдам тұрғызылатын кешендерді жобалауға және салуға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

2.1 Жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханаларды жобалаған кезде осы құрылыс нормаларының қағидаларын басшылыққа алған жөн. Осы құрылыс нормаларында қарастырылмаған жобалық шешімдерді қала құрылысы мен құрылыс сәулеті саласындағы тиісті мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылдау қажет.

2.2 Жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханалардың құрылысы «Медициналық-технологиялық тапсырманың» негізінде жүргізіледі, оны нысанды болашақ пайдаланушының алдын ала бағаларының негізінде құрастырған жөн, ол қандай да бір қуаттылығы немесе атқарымдық бағыты бар жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханалардың таңдалған учаскесінде құрылыстың мүмкіндігін өз бетінше бағалайды. Пайдаланушымен және құрылысқа тапсырыс берушімен алдын ала келіскеннен кейін тапсырма жобалық құжаттаманы әзірлеудің негізіне айналады.

2.3 Жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханалар екі жерүсті қабатынан биік болмайтындай етіп жобаланады.

2.4 Көлемдік блоктар (модульдер), блок-контейнерлер Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына және/немесе ұйымның стандарттарына сәйкес дайындалуы тиіс және сәйкестік сертификаттары болуы тиіс.

2.5 Жылдам тұрғызылатын инфекциялық модульдік ауруханалардың ғимараттары инфекцияның бір түрін емдеу үшін арналуы тиіс.

2.6 Жылдам тұрғызылатын модульдік инфекциялық ауруханалардың аумағында өз бетінше кір жуу орындарын, зарарсыздандыру бөлімшелерін, тағам әзірлеу қызметтерін

3. УЧАСКЕНІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ АУМАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Палаталық корпустар (терезелері бар) және басқа ғимараттар арасындағы минималды ұйғарынды арақашықтық 10 метрден кем болмауы тиіс.

3.2 Қалдықтарды зарарсыздандыру ғимараты мен палаталық корпустар арасындағы минималды ұйғарынды арақашықтық – 20 м.

3.3 Жасыл желектер мен көгалдардың ауданы инфекциялық аурухананың корпусының айналасына желектердің жолағын орналастыру арқылы учаскенің жалпы ауданынан 15%-дан кем болмауы тиіс.

3.4 80 көлікке дейін сыйатын тұрақжайдан минималды ұйғарынды арақашықтық 10 метрден кем болмауы тиіс.

3.5 Жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханаларды салу үшін құрылыс нысанымен шектесетін нысандар үшін санитарлық-қорғаныс аймағын қысқарту жобасын әзірлеуге жол беріледі.

3.6 Жылдам тұрғызылатын модульдік инфекциялық ауруханалардың басты кіреберістерінің алдында келушілерге арналған алаңдарды жайғастырмауға жол беріледі.

3.7 Тұрмыстық қалдықтарға (А класты) арналған контейнерлік алаңды қалқамен жабдықтауға жол беріледі. Алаңның өлшемдері контейнерлердің негіздемесінің ауданынан кем болмауы тиіс.

3.8 Жылдам тұрғызылатын модульдік кешендер үшін «Б», «В» класты медициналық қалдықтарды зарарсыздандыруды аумақтан тыс бөгде ұйымдарда жүргізуге жол беріледі.

3.9 Объектіні қоныстану (тұрғын үй) аймағына орналастыру кезінде емдеу және палаталық корпустар құрылыстың қызыл сызығынан кемінде 30 метр, тұрғын және қоғамдық ғимараттардан кемінде 50 метр қашықтықта және темір жолдардан, әуежайлардан, жүрдек автомагистральдардан және басқа да шу көздерінен алыс орналастырылады. Объектіні рекреациялық аймаққа орналастыру кезінде қызыл сызықты 15 метрге дейін қысқартуға жол беріледі.

3.10 Жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханалар үшін азаматтық қорғау қорғаныш құрылғыларын қарастырмау ұйғарылады.

3.11 1 кереуетке шаққандағы жер телімінің ауданын 260 ш.м. дейін ұлғайтуға жол беріледі.

4. КӨЛЕМДІК-ЖОСПАРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

4.1 Бөлмелердің құрамы мен ауданын А қосымшасына сәйкес қарастырған жөн.

4.2 Стационарлардағы науқастарды тамақтандыру асхананысын орналастырмай ұйымдастыруға жол беріледі. Қызметкерлер тағамды бөлімшеге әрбір блок-секцияның орынжайларының үлестіру орнына жеткізеді. Қызметкерлерге өздерінің демалу бөлмелерінің орынжайларында тамақтануына болады. Биіктігі 2 қабатқа дейінгі ғимараттарда тағамды жеткізу үшін және тамақ қалдықтарын алып кету үшін жеделсатыларды жайғастырмауға рұқсат етіледі.

4.3 Жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханаларды жобалаған кезде дәлізді табиғи жарықтандырумен ұйғармауға жол беріледі.

4.4 Бір кереуетке шақталған палатаның, бокстардың және жартылай бокстардың ені 2,2 метрден кем болмауы тиіс. Палаталардың, бокстардың және жартылай бокстардың орынжайларының биіктігі коммуникацияларды ескере отырып, еденнен төбеге дейін (жарық кезде) 2,5 метрден кем болмауы тиіс. Жансақтау және қарқынды терапия бөлімшелерінің (бұдан әрі – ЖКТБ) дәліздерінің, палаталық, бокстық және жартылай бокстық бөлімшелерінің ені 1,8 метрден кем болмауы тиіс.

4.5 Инфекциялық бөлімшелерде бокстарды жайғастырмауға жол беріледі.

4.6 Инфекциялық бөлімшелердегі жартылай бокстардың саны палаталардың жалпы санынан 30%-дан кем болмауы тиіс.

4.7 Шлюзі мен сантүйіні бар палаталарда, бокстарда және жартылай бокстарда 3 кереуетке дейін орналастыруға жол беріледі.

4.8 Орынжайлардың есіктерінің ойығының ені 0,85 метрден кем болмауы тиіс. Сантүйіндердің есіктерінің ойығының ені 0,7 метрден кем болмауы тиіс.

4.9 Душ бөлмесі бар сантүйіннің ауданы 2 ш.м.-ден кем болмауы талап етіледі.

4.10 Санитарлық түйіндерде қоспалағыштар және унитаз арқылы ыстық және салқын су өткізілген шұңғылша, душ тұғырығы немесе ванна қарастырылуы тиіс.

4.11 Қызметкерлерге арналған сантүйінді шлюзсіз жасауға жол беріледі.

4.12 Бір кереуетке шақталған ауданды қабылдау керек:

- палаталар, бокстар және жартылай бокстар, сонымен қатар қозғалысы шектеулі адамдар үшін – 6,5 ш.м.-ден кем емес;

- ЖҚТБ палаталары, бокстары мен жартылай бокстары үшін – шлюз бен ағызбаны ескермегенде, 6,5 ш.м.-ден кем емес.

4.13 ЖҚТБ-де 20 кереует үшін бейнебақылауы бар 1 медбике постын орналастыруға жол беріледі.

4.14 Дәріхана орынжайы дәрі-дәрмектерді қабылдау, сақтау және беру үшін ғана қарастырылуы тиіс. Орынжайлар тапшы болған жағдайда аға медбикенің бөлмесін дәрі-дәрмектің бір апталық қоры сақталатын және дәрі-дәрмек берілетін орынжай ретінде жайғастыруға жол беріледі.

4.15 Рентген процедуралық орынжайдың төбесі биіктігі еденнен төбеге дейін (жарық кезде) 2,7 метр болуына жол беріледі, бұл ретте А қосымшасына сәйкес коммуникациялар мен ауданы, не болмаса рентгенологиялық жабдықты орнатуға қойылатын техникалық талаптар ескерілуі тиіс.

4.16 Стерильдеу бөлімшесінің орынжайларының құрамы мен аудандарын медициналық-технологиялық тапсырма және/немесе жобалау тапсырмасына сәйкес қысқартуға жол беріледі.

4.17 Зарарсыздандыру бөлімшесінің орынжайларының құрамы мен аудандарын медициналық-технологиялық тапсырмаға сәйкес қысқартуға, не болмаса зарарсыздандыруды мамандандырылған ұйымдарда қашықтан жүргізуге жол беріледі.

4.18 Аурухана орынжайларының терезелерін жарық жақтары бойынша кез келген бағдарда орналастыруға жол беріледі, бұл ретте инсоляцияның ұзақтығы реттелмейді.

4.19 Аурухананың орынжайларында және эвакуациялау жолдарында бірқанатты есіктерді орнатуға жол беріледі.

4.20 ЖҚТБ-де палаталарына кіреберісте шлюздерді орналастырмауға жол беріледі.

4.21 Тік коммуникациялар (баспалдақтар мен жеделсатылар), соның ішінде палаталық секцияларға, ота жасау блоктарына, ЖҚТБ-ге және зерттеу жүргізуге арналған аймаққа (зертханаға) шығатын коммуникацияларды шлюздермен жабдықтамауға жол беріледі.

4.22 Оттегі баллондарын сақтауға арналған бөлек тұрған ғимарат жарылу-өртену және өртену қаупі бойынша Д санатына жатады.

4.23 Ота жасалатын шағын бөлмелердің орынжайларының биіктігі коммуникацияларды ескере отырып, еденнен төбеге дейін (жарық кезде) 2,5 метрден кем болмауы тиіс.

4.24 Дәліздер мен өтпелердің орынжайларының биіктігі коммуникацияларды ескере отырып, еденнен төбеге дейін (жарық кезде) 2,5 метрден кем болмауына жол беріледі. Сантүйіндердің орынжайларының биіктігі коммуникацияларды ескере отырып, еденнен төбеге дейін (жарық кезде) 2,4 метрден кем болмауына рұқсат етіледі.

4.25 Палаталарда, бокстарда және жартылай бокстарда табыстама шкафтарын орнатпауға жол беріледі.

4.26 Жуып-тазалауға арналған құрал-саймандар, әжет ыдыстары мен клеенкалар, жуғыш және зарарсыздандырғыш құралдар үшін бір ортақ санитарлық орынжайды жайғастыруға жол беріледі.

4.27 Лас төсек-орынды уақытша сақтау үшін және медициналық қалдықтарды сақтау үшін бір ортақ орынжайды жайғастыруға жол беріледі.

4.28 Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған бөлме ауа тартқыш желдеткішпен жабдықталады. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған бөлмелерде биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған салқындатқыш жабдықты, сөрелерді, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлерді, ыстық және салқын су өткізілген бақалшықты, бактерицидтік шамды қарастырмауға жол беріледі.

4.29 Мәйіттерді уақытша сақтауға арналған орынжайлар болған жағдайда патологиялық-анатомиялық бөлімшені жайғастырмауға жол беріледі. Инфекциялық стационарда мәйіттерді уақытша сақтауға арналған орынжай далаға шығатын бөлек есігі бар стационардың «лас» аймағында жобаланады.

4.30 Мед. қызметкерлердің демалуы мен тамақтануы арналған орынжайларды, сондай-ақ аурухананың әкімшілік блогын ескермегенде, жылдам тұрғызылатын модульдік инфекциялық аурухананың ғимараты «лас» аймақ ретінде қабылдануы қажет. Қызметкерлердің демалуына арналған және «лас» аймақта орналасқан бөлмелерді «лас» аймаққа кіретін және шығатын санитарлық өткізгіштермен бірге қарастырған жөн, олардың құрамында қорғаныс киімін шешуге арналған орынжайлар, душ бөлмесі, сантүйін, қорғаныс киімін киюге арналған орынжай болуы тиіс.

4.31 2-ші қабатта орналасқан уақытша сақтауға арналған инфекцияланған киім-кешектер мен төсек-орын жабдықтары орынжайларынан сыртқа шығу ортақ дәліз бен баспалдақ алаңы арқылы жайғастыруға жол беріледі.

4.32 Төтенше жағдай кезінде инфекциялық ауруханаларды құрастырмалы-ағытпалы типті ғимараттарда немесе блокты темірбетон құрылымдарында жайғастыруға жол беріледі. Мұндай ауруханаларды жайғастыру мерзімін жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

4.33 Әжет ыдыстары мен клеенкаларды жуу немесе зарарсыздандыру орынжайларында атқаруға жол беріледі.

5. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ШЕШІМДЕР

5.1 Жылдам тұрғызылатын құрылыстарға арналған салмақ түсетін элементтер мен тұғырнамалардың, соның ішінде қосалқы құрылыстардың бетонының класын ұлғайтуға жол беріледі.

5.2 Салмақ түсетін элементтердің, соның ішінде жылдам тұрғызылатын модульдік ауруханалар мен қосалқы құрылыстардың тұғырнамаларының қиылысын ұлғайтуға жол беріледі.

6. СУМЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ

6.1 Ыстық су жинақтағыш электрсужылытқыштары арқылы қамтылуына жол беріледі.

6.2 Су құбыры мен кәріз жүйелерінің магистральдық құбыржолдарынан өтпелерді, тіреуіштер мен тарамдарды ашық түрде өткізуге жол беріледі.

6.3 Ванна немесе душ бөлмелерінің орынжайларында сүлгі құрғатқыштарды орналастырмауға жол беріледі.

6.4 Бокстардың, жартылай бокстардың және палаталардың құрамына дәретхана мен душ тұғырығынан немесе ваннадан тұратын санитарлық түйін кіреді. Душ тұғырығы болған кезде басқыштар мен күйғыш шүмекті орнатпауға жол беріледі.

6.5 Инфекциялық бөлімшелерде (палаталарда, бокстарда, жартылай бокстарда), медициналық қалдықтарды сақтауға арналған орынжайларда, қосалқы орынжайларда шлюздердегі қолжуғыштарды кіреберістен 1 м радиуста қолды өңдеуге арналған антисептик бар шынтактық мөлшерлеуішке ауыстыруға жол беріледі.

6.6 Су ағызу бөшкелерін басқышпен жабдықтамауға жол беріледі.

6.7 Термостатикалық қоспалағыштарды инфекциялық бөлімшелердің қолжуғыштарында орнатпауға жол беріледі.

6.8 Жуғыш және зарарсыздандырғыш құралдарға төзімді материалдан жасалған құбырлар сапа сертификатына сәйкес қаптамамен жабылмауына жол беріледі.

6.9 Аурухана аумағында ағынды суларды хлорлау әдісімен зарарсыздандыратын жергілікті қондырғыны қарастыру керек.

6.10 Инфекциялық стационарларда (бөлімшелерде) жергілікті нөсерлік тазартқыш құрылғыларын орнатпауға жол беріледі.

6.11 Су құбыры желілерін орнату кезінде, топырақтың шөгуі II типті болған жағдайда топырақтың шөгуі 20 см-ден артық болғанда құбырлардың негіздемесінде топырақты тығыздауға, су сіңетін шұңқырларды жайғастырмай, арна мен туннельдерде құбырларды өткізбеуге және тұғырықты жайғастырмауға жол беріледі.

6.12 Ыстық және салқын сумен қамту құбырларын инфекциялық ауруханалардың (бөлімшелердің) ғимараттарының жабындарымен, арақалқаларымен және қабырғаларымен қиылысатын жерлерде тығыздалған битумделген ширатпасы бар сауыттарды жайғастырмауға жол беріледі.

6.13 Құрғақ құбырлы өртке қарсы жүйелерде техникалық жер астында бекіту және түсіру арматурасын орнатуға жол беріледі.

6.14 Сейсмикалығы 9 баллдан жоғары аудандарда құбыржолдардың дәнекерлеу қосылыстарын жапсырмалы муфталармен дәнекерлеу жігін күшейтпей орындауға рұқсат етіледі.

7. ЖЫЛУМЕН ҚАМТУ. ЖЫЛЫТУ. ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУАНЫ КОНДИЦИЯЛАУ

7.1 Электрконвекторларды қолдануға жол беріледі.

7.2 Электрлік жылытқыш аспаптардың беткі қабатының типі нормаланбайды. Жылытқыш аспаптардың беткі қабатының орташа температурасы 95°C дейін болуына жол беріледі.

7.3 Ағынды қондырғылар үшін электркалорифтерді қолдануға жол беріледі.

7.4 Табиғи желдетуді қарастырмауға жол беріледі.

7.5 Инфекциялық ауруханалардың палаталық секциялары мен басқа орынжайлары үшін механикалық қозатын ағынды-сорғыш вентиляция (желдету) қарастырылады. Ұқсас инфекциялар емделетін палаталардың, бокстар мен жартылай бокстардың желдету жүйесін біріктіруге және атмосфераға шығармас бұрын шығарылатын ауаны зарарсыздандыру қондырғысын орнатуға жол беріледі.

7.6 Ауа-тамшы жолымен берілетін контагиоздық инфекцияға шалдығу қаупі бар емделушілерге арналған бөлімшені (тартқыш және ағынды) желдетудің орталықтандырылған механикалық жүйесін жасақтауға жол беріледі. Тартқыш желдетудің

орталықтандырылған жүйесінде орынжайлардың ауа өткізгіштерінің тарамдарында отқа төзімді қақпақшаларды орнатпауға жол беріледі.

7.7 Дәрігерлердің кабинеттеріне, палаталарға, адамдар көп жиналатын орынжайларға көлденеңінен және тікесінен іргелес шу мен діріл көздері болып табылатын медициналық және инженерлік жабдықтарды орналастыруға жол беріледі, бұл ретте шу мен дірілдің деңгейлеріне қойылатын гигиеналық талаптар орындалуы тиіс.

7.8 Бірдей санитарлық-гигиеналық талаптар қойылатын және жұмыс ұзақтығы бірдей бөлімшелер немесе орынайжайлардың топтары ағынды және тартқыш желдету орталықтарында бір желдеткіште орнату арқылы бір орталықтандырылған ағынды-тартқыш желдету жүйесімен жабдыкталады, бұл ретте қоймада резервтік желдеткіш немесе электр қозғалтқышы сақталуына рұқсат етіледі.

7.9 Ота жасалатын бөлмелерде, ЖҚТБ-де, босандыру бөлмелерінде, процедуралық және басқа орынжайларда медициналық жабдықтарды пайдаланған кезде ауаға зиянды заттар бөлінген жағдайда жергілікті сорғыштарды жайғастырмауға немесе сорғыш шкафтарды орнатпауға жол беріледі.

7.10 Бактериологиялық сүзгілерден кейін ағынды желдету (ауаны кондиционерлеу) жүйелері үшін мырышталған болаттан жасалған ауа шығарғыштарын қолдануға жол беріледі.

7.11 ЖҚТБ-ден басқа орынжайларда тиімділігі жоғары сүзгілерсіз сплит-жүйені қолдануға рұқсат етіледі.

7.12 Әр қабат үшін сору-сыртқа тарту желдеткішінің жеке жүйелерін қарастырмауға жол беріледі.

7.13 Қызмет көрсетілетін қабаттан тыс транзиттік ауа өткізгіштердің отқа төзімділік дәрежесі нормаланбайды.

7.14 Желдету жүйелерінің көлденең коллекторларына қосылу кезінде ауа қақпақтарын қарастырмауға жол беріледі.

8. ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР

8.1 Жөндеу үшін жалпы жарықтандыру жеткіліксіз технологиялық жабдық бар орынжайларда тасымалды шырағандарды жалғауға арналған ашалы розеткаларды қарастырмауға болады, бұл ретте техникалық қызметкерлер үшін автономды жарықтандыру аспаптарына тапсырыс беруді ескеру қажет.

8.2 Палаталарды (соның ішінде балалар бөлімшелері мен психиатриялық бөлімшелердің палаталарын) жарықтандыру үшін төбе және қабырғалық шырағандарды (жалпы және жергілікті жарықтандыру) қолдануға жол беріледі. Жергілікті жарықтандыру шырағандарын әр кереуеттің тұсында еденнің деңгейінен 1,7 метрден кем емес биіктікте орнатуға жол беріледі. ЖҚТБ-де консольға кіріктірілген шырағандарды пайдалануға болады.

8.3 Палаталардағы кезекші (түнгі) жарықтандыруды қашықтан, кезекші медбикенің постынан немесе қызметкерлердің бөлмесінен басқарылуына жол беріледі.

8.4 Байланыс түрлері, олардың қажеттілігі, әлсіз тоқ желілерінің абоненттік құрылғыларының саны мен орналастырылуы құрылыс нысанының ерекшелігіне байланысты жобалау тапсырмасында анықталуы тиіс.

8.5 Әрбір палатадағы есіктің төбесінде орналасқан түнгі жарық шамының болуына жол беріледі.

8.6 Дәліздерде, вестибюльде, мәжіліс залдарында әр 20 м сайын жерге тұйықтау түйсігі бар бір екіжолқты розетка қарастырылуы тиіс.

9. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

9.1 Құрылысқа арналған учаске өрт сөндіру бөлімшесі қызмет көрсететін нормативтік радиустан тыс орналасқан кезде құрылыс нысанында көшпелі өрт сөндіру техникасыз мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет ұйымдастырылады.

9.2 Техникалық регламенттерде, міндетті түрде қолданылуы тиіс нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген қорғау объектісінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін растау үшін жобалық шешімдер өрттің қауіпті факторларының пайда болуы мен даму сценарийлерін модельдеуге және өрт қаупін бағалауға негізделеді. Бұл ретте мыналарға жол беріледі:

- тез тұрғызылатын модульдік ауруханалардың ғимараттарын отқа төзімділігі III дәрежесінен және С3 конструктивті өрт қауіптілігі класынан төмен емес етіп жобалау қажет.

- III отқа төзімділік дәрежесі кезінде ғимараттың ең көп қабаттылығы - 2 қабат.

- III отқа төзімділік дәрежесі кезінде ғимараттағы өртке қарсы қабырғалар арасындағы қабаттың ауданы 1800 шаршы метрге тең болуы тиіс.

- эвакуациялау жолдарын қоса алғанда, КМ2 немесе одан жоғары класты өрт қаупі бар жерлерде сәндік-әрлеу материалдары мен еден жабындарын қолдану керек.

- баспалдақ алаңының ені 1 метрден кем болмауы тиіс.

- кез-келген үлгідегі өртке қарсы қабырғалар немесе өткір бұрыш құрайтын 1-ші типті өртке қарсы қалқалар арасында 4 м-ден кем қашықтықта өртке қарсы есіктермен және 2-ші типті терезелермен толтырылмауы тиіс.

- тамбур арқылы шығу-өту жолын эвакуациялау жолы ретінде қолдану.

- эвакуация жолдары бойынша неғұрлым алыс орынжайлардың есіктерінен ауруханалардың тұйық дәлізінен сыртқа шыққанға дейін немесе эвакуациялық баспалдақ торына шыққанда, адам ағынының тығыздығы 2 адам/ш.м. дейін 30 м-ден аспайтын арақашықтықты қабылдау.

- эвакуациялау кезінде бөліп тұратын ішкі қабырғалары мен арақалқалары отқа төзімділік шегі EI 15тен кем емес жанбайтын материалдардан (соның ішінде жарық өткізетін мөлдір түсті материалдан) жасалынуы тиіс.

- қуаттандырғырғыш және топтық желілер өртену қаупі төмен, жануды таратпайтын, түтін мен газды аз бөлетін сымдар мен кабельдерден жасалуы тиіс.

9.3 Тез тұрғызылатын модульдік ауруханалар ғимараттарының екінші қабатынан науқастарды эвакуациялау үшін 3-типті ашық сыртқы сатыларды қолдануға жол беріледі. Бұл ретте баспалдақтардың келесі параметрлері болуы керек: ашық типті металл, ені 1,2 м.

9.4 1-ші типті өртке қарсы қалқаларда және 3-типті жабындарда жанбайтын материалдар мен саңылаулар бітелген жағдайда коммуникацияларды жалғау үшін арналардың, шахталар мен қуыстардың қоршау құрылымдарын қарастырмауға болады.

9.5 Бос және толтырылған оттегі баллондарын бір орынжайда сақтауға жол беріледі.

А қосымшасы
(міндетті)

Бөлмелердің құрамы мен аудандары

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Лабораторлы бөлмелердің құрамы мен аудандары			
1 Материалды қабылдау аймағы	12,6 ^{1,2}	-	-
2 Бастапқы өңдеуі бар қабылдау бөлмесі	12,6 ³	-	-
3 Экспресс лаборатория	13,9	-	11
4 Жалпыклиникалық лаборатория	11,9 ^{1,2}	15,7	-
5 Предбоксы бар ПТР боксы	8,1+4,3	-	-
6 Шлюзі бар ПТР боксы	-	-	11+2,8
7 Предбоксы бар ИФТ боксы	11+5,5 ^{1,2}	-	-
8 Стерилизациялық жуу бөлмесі	13,9	-	-
9 Жуу бөлмесі	-	-	11
10 Қосалқы бөлшектер, ыдыс-аяқ сақтау бөлмесі	7,9 ³	-	-
11 Ыдыс-аяқ қоймасы	8,4 ^{1,2}	-	-
12 Мұздату жабдықтары мен Дьюар ыдысын сақтау қоймасы	13 ³	-	-
13 Санитарлық торап	2,7 ^{1,3}	1,5	-
14 Дезинфекциялық құралдар қоймасы	5,5 ³	-	-
15 Жинау құрал-жабдықтары қоймасы	1,8 ³	-	-
16 ЖҚҚ	3,6	-	-
17 Санитарлық өткізу пункті:			
17.1 лабораторияның санитарлық өткізу пункті	5,9 ^{1,2}	-	15,1
17.2 қорғалған лабораторияның санитарлық өткізу пункті	3,5 ^{1,2}	-	-
17.3 душ бөлмесі	1,2 ^{1,2}	3,7	-
17.4 санитарлық торап	1,2 ^{1,2}	1,9	-
17.5 таза жеке қорғау заттарын сақтау қоймасы	2,8 ^{1,2}	-	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Лабораторлы бөлмелердің құрамы мен аудандары			
17.6 киім ауыстыру бөлмесі	-	8,4	-
17.7 шлюз	-	2,2	-
17.8 қорғаныш киім кию бөлмесі	10,2 ³	-	-
18 Анализдерді қабылдау және нәтижелерін беру	-	30,6	-
19 ПТР2	-	36,3	-
20 Техникалық бөлме	-	10,2	-
21 Қойма	-	3,8	-
22 Қысқа толқынды пеш	-	12,3	-
23 ПТР3	-	29	-
24 ПТР1	-	22,1	-
25 Кабинет 4	-	13,3	-
26 Кабинет 3	-	13,2	-
27 Кабинет 2	-	13,3	-
28 Кабинет 1	-	13,2	-
29 Сынамаларды қабылдау бөлмесі	-	10,4	-
30 Қызметкерлер бөлмесі	-	13,2	-
31 Бөлімше меңгерушісі	-	13,7	-
32 Микроскопиялық бөлме	-	10,3	-
33 Гематологиялық бөлме	-	10,4	-
34 Материалды қабылдау	-	5,5	-
35 Гардероб	-	13,5	-
36 Демалыс бөлмесі	-	10,6	-
37 Автоанализаторлармен жұмыс жасау бөлмесі	-	10,3	-
38 Биохимиялық лаборанттар бөлмесі	-	10,4	-
39 Қалдықтарды уақытша сақтау бөлмесі	-	14,2	-
Әкімшілік, қызметтік және тұрмыстық бөлмелердің құрамы мен аудандары			
40 Іс жүргізуші	8,8 ²	9,5	-
41 Бас дәрігер кабинеті	14,3 ²	18,2	-
42 Бас дәрігер орынбасары кабинеті	10,4	9,6	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Әкімшілік, қызметтік және тұрмыстық бөлмелердің құрамы мен аудандары			
43 Бас (аға) медбике бөлмесі	10,8 ²	12,5	12,4
44 Медициналық мақсаттағы бұйымдар қоймасы бар шаруашылық бикесі кабинеті	-	-	15,9
45 Шаруашылық бикесі кабинеті	11,7 ^{1,3}	-	-
46 Инфекциялық бақылау медбикесінің кабинеті	10,8 ²	11,5	-
47 Инженерлік-техникалық қызметкерлер бөлмесі	12,2	-	-
48 Әкімшілік бөлім	18,9 ^{1,3}	-	-
49 Статистика кабинеті:	11,2 ^{1,3}	-	-
50 Кеңсе, статистикалық бөлім	16,5 ²	10,2	-
51 Кеңсе	11,3 ^{1,3}	-	-
52 Шаруашылық меңгерушісі, жабдықтаушы	10,6 ²	-	-
53 Шаруашылық меңгерушісі	-	13,1	-
54 Ахуалдық бөлме	11,2 ²	11	-
55 Эпидемиологтар кабинеті	10,4	11,3	-
56 Дәріші, фармацевт кабинеті	10,8	11,1	-
57 Медициналық мұрағат кабинеті	6,4 ³	-	-
58 Дәрі-дәрмек қоймасы бар дәріхана	12,3	14	-
59 Операторлық бөлме	-	-	-
60 Ординатор кабинеті	9,8 ^{1,3}	30,5	-
61 Қызметкерлер демалыс бөлмесі	12,5 ^{1,3}	-	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Әкімшілік, қызметтік және тұрмыстық бөлмелердің құрамы мен аудандары			
62 Қызметкерлер бөлмесі	10,9	-	-
63 Қызметкерлер бөлмесі	10,3 ³	-	-
64 Медбикелер бөлмесі	11,7 ^{1,3}	-	-
65 Санитарлық торап	0,9	1,5	1,5
66 Жеке қорғау заттарын сақтау және беру бөлмесі	-	-	14,1
67 Қоймалық бөлме	11,5	-	-
68 Қойма	-	10,7	-
69 Гардероб бөлмелері	16,8	15,7	30,7
70 Күзет бөлмесі	5,5	8,3	-
71 Вестибюль	22,4	-	-
72 Санитарлық өткізу пункті:			
72.1 санитарлық торап	1,1	0,7	-
72.2 жеке қорғау заттарын кию бөлмесі	-	7,3	-
72.3 жеке қорғау заттары қоймасы	-	2,8	-
72.4 жеке қорғау заттары	10,8 ³	2,4	-
72.5 киіну бөлмесі	-	42,4	15,1
72.6 ерлер киіну бөлмесі	17,7	-	-
72.7 әйелдер киіну бөлмесі	35,3	-	-
72.8 қолданылған жеке қорғау заттары қоймасы	2,3	-	2,1
72.9 душ	0,8	1,1	-
72.10 қорғаныш киім кию бөлмесі	7,1	-	8,3
72.11 қорғаныш киім шешу бөлмесі	5,3	-	9,1
72.12 шлюз	3,2 ¹	-	6,3

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Әкімшілік, қызметтік және тұрмыстық бөлмелердің құрамы мен аудандары			
72.13 санитарлық торап+душ	-	-	9,6
72.14 таза жеке қорғау заттарын сақтау қоймасы	5,5 ^{1,2}	-	-
73 Жинау құрал- жабдықтары бөлмесі	3,6	-	-
74 Дезинфекциялық құралдар қоймасы	8,5 ³	-	-
75 Душ	-	1,8	-
Палаталық/жартылай боксты/боксты бөлімшелер бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
76 Бір төсектік палата:			
76.1 шлюзсіз	6,5	-	6,5
76.2 шлюзбен	6,5+2,2	-	6,5+1
76.3 шлюзбен және санитарлық тораппен	6,5+2,2+2,2	-	6,5+1+2,4
77 Қызметкерлер бөлмесі	-	18,3	-
78 Екі және одан көп төсектік палата:			
78.1 шлюзсіз	12,5	13,3	20,4
78.2 шлюзбен	12,5+2,4	13,3+2,3	20,4+0,9
78.3 шлюзбен және санитарлық тораппен	12,5+2,4+2,2	13,3+2,3+2,6	20,4+0,9+2,4
79 Медбике бекеті (бөлмесі)	3,6 ^{1,2}	4,6	-
80 Егу-емдеу бөлмесі	9,8	3,8	9,6
81 Санитарлық өткізу пункті:			
81.1 қорғау киімін шешу бөлмесі	4	5,6	-
81.2 душ	1,4	3,7	2,3
81.3 санитарлық торап	1,3	1,3	1
81.4 қорғау киімін кию бөлмесі	5,5	11,1	-
81.5 жеке қорғау құралдары - кір киімді сақтау бөлмесі	1,3	2,9	2,4

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Палаталық/жартылай боксты/боксты бөлімшелер бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
81.6 шлюз	1,6	-	4,4
81.7 тамбур-шлюз	-	3	-
82 Кір киімді уақытша сақтау бөлмесі	4,5 ^{1,2}	-	-
83 Жинау құрал-жабдықтары қоймасы, дезинфекциялық заттарды сақтау	-	-	5,8
84 Кір киімді және медициналық қалдықтарды уақытша сақтау бөлмесі	-	-	11,8
85 Инвентарлық бөлме	4,3 ^{1,2}	5	-
86 Пациенттің инфекцияланған киімін уақытша сақтау бөлмесі	4,4 ^{1,2}	-	-
87 (Тұрмыстық) қалдықтар бөлмесі	3,6	5	-
88 Анализдер үшін материалдарды жинау және сақтау қоймасы	3,4 ^{1,2}	-	-
89 Дәрі-дәрмек қоймалары	9,8 ³	-	-
90 Тасымалы қозғалмалы аппаратураны сақтау бөлмесі	8,5 ^{1,2}	10,3	-
91 Үлестіру бөлмесі	9,1	9,7	11,7
92 Таза төсек орын жабдығы қоймасы	6,3	6,3	-
93 Қызметкерлердің демалыс бөлмесі	-	-	21,2
94 Дәрігерлердің демалыс аймағы	27,9 ³	-	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Палаталық/жартылай боксты/боксты бөлімшелер бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
95 Медициналық қызметкерлердің (кіші және аға) демалыс аймағы	27,7 ³	-	-
96 Дәрігерлер кабинеті	23,6 ^{1,2}	23,5	-
97 Кіші және аға қызметкерлер бөлмесі	18,1 ²	-	-
98 Ординатор кабинеті	-	-	9,6
99 Санитарлық торап	3,4	-	1
100 Шығаруға дайындау үшін пациенттерге арналған тұрмыстық бөлме	10 ^{1,2}	10,1	5,6
101 Мейіргер бөлмесі	-	-	14,9
102 Анализ жинау бөлмесі	-	3,6	-
103 Дезинфекциялық ерітінділер/құралдар қоймасы	4,5 ^{1,2}	4,3	-
104 Құрал-жабдық және дезинфекциялық құралдар қоймасы	7 ³	-	-
105 Шлюз	4,5 ¹	2,3	-
106 Жинау құрал-жабдықтарының бөлмесі	3,5	3,5	-
107 Инфекцияланған киім қоймасы	-	5	-
108 Кір киім бөлмесі	9,8 ³	5	11,7
109 Жуу бөлмесі	4,9	5,1	5,8
Қабылдау-диагностикалық бөлімшелер бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
110 Тіркеу орны	13,5 ³	-	-
111 Науқастар заттарын сақтау бөлмесі	7,8 ^{2,3}	11,4	-
112 Қабылдау-диагностикалық палата	11,6	12,4	9,7

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Қабылдау-диагностикалық бөлімшелер бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
112.1 шлюзбен	11,6+2,8	12,4+2,5	9,7+1,6
112.2 шлюзбен және санитарлық тораппен	11,6+2,8+2,5	12,4+2,5+1,6	9,7+1,6+2,8
113 Санитарлық өткізу пункті:			
113.1 шешу	6,3 ²	8,4	-
113.2 кию	7,5 ²	10,1	-
113.3 шлюз	3,6 ²	-	-
113.4 жеке қорғау киімі (кір киім)	3,5 ²	4,8	-
113.5 душ	1,3 ²	3,4	-
113.6 санитарлық торап	1,4 ²	1,6	-
114 Медициналық мақсаттағы бұйымдар қоры бар егу-емдеу кабинеті	18,6 ^{1,2}	19,4	-
115 Рентген- диагностикалық кабинет (рентген егу- емдеу)	18	-	30,7
116 Функционалдық диагностика кабинеті	10,8	12,3	15,1
117 Электрокардиография кабинеті	11,7	15,5	-
118 Рентген кабинеті пульт бөлмесі	10,9 ^{1,2}	-	15,1
119 Қосалқы бөлшектер мен рентген қорғау қоймасы	8,6 ¹	-	-
120 КТ пульт бөлмесі	8,7	11,3	15,1
121 КТ егу-емдеу бөлмесі	28,3	31,1	30,7
122 КТ техникалық бөлмесі	11,5 ^{1,2}	14	15,1
123 Шлюзі бар бронхоскопия кабинеті	11,3+2,5	11,6	11,1+4,1
124 Таза эндоскоптар қоймасы	4,5	5,6	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Қабылдау-диагностикалық бөлімшелер бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
125 Жуу бөлмесі	5,7	6,4	-
126 Кір киімдерді уақытша сақтау бөлмесі (қоймасы)	5 ^{1,2}	4,6	-
127 Жинау құрал- жабдықтарының бөлмесі	3,6	4,6	-
128 Медициналық қалдықтарды уақытша сақтау бөлмесі	3,7	3,9	-
129 Дезинфекциялық құралдарды сақтау бөлмесі (қоймасы)	3,8 ^{1,2}	4,2	-
130 Кезекші медбике кабинеті (бекеті)	6,3 ^{1,2}	11,6	16,2
131 Санитарлық торап	2,5	2,6	-
132 Таза киімді сақтау қоймасы	6,1 ^{1,2}	8,3	-
133 Қойма	4,5 ³	-	-
134 Дәрігерлер кабинеті	27,5 ²	29,6	-
135 Қызметкерлер бөлмесі	-	22,6	-
136 Күту залы	-	61,8	-
137 Кіші және аға қызметкерлер бөлмесі	13,9 ²	-	-
Операциялық блок бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
138 Кіші операциялық бөлме	23 ^{1,2}	26,6	-
139 Операция алды бөлмесі	6,6 ^{1,2}	12,8	-
140 Манипуляциялық бөлме	20,9 ^{1,2}	26,2	-
141 Санитарлық өткізу пункті			
141.1 қорғау киімін шешу бөлмесі	5,3 ^{1,2}	-	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Операциялық блок бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
141.2 душ	1,3 ^{1,2}	2,5	-
141.3 санитарлық торап	1,3 ^{1,2}	2,4	-
141.4 қорғау киімін кию бөлмесі	4,8 ^{1,2}	7,5	-
141.5 қолданылған жеке қорғау құралдары	2,1 ^{1,2}	-	-
141.6 стерильді киімді кию бөлмесі	5,1 ^{1,2}	9,7	-
141.7 операциядан соң киімді шешу бөлмесі	4,1 ^{1,2}	-	-
141.8 кір киімді шешу бөлмесі	-	9,6	-
141.9 жеке қорғау құралдары	3,5 ²	2,6	-
141.10 жеке қорғау құралдарын шешу бөлмесі	-	6,8	-
141.11 медициналық мақсаттағы бұйымдар бөлмесі (қоймасы)	6,2 ^{1,2}	6,2	-
141.12 шлюз	2,5 ¹		
142 Демалыс бөлмесі	-	7,9	-
143 Пациенттерге арналған шлюз	8,9 ^{1,2}	13,1	-
Жансақтау және интенсивті терапия бөлімдерінің бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
144 Тасымалы аппаратураны сақтау бөлмесі	6,5	6,4	-
145 Жансақтау залы	73 ^{1,2}	91,4	108,9
146 Кезекші медбике бөлмесі (бекеті)	1,8	5,8	5,4
147 Медбикелік пост- шлюз	6,7 ¹		

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Жансақтау және интенсивті терапия бөлімдерінің бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
148 Бақылау станциясы бар кезеші медбике бөлмесі (бекеті)	-	-	11,7
149 Көру бөлмесі	-	-	9,8
150 Оңашалау бөлмесі	7,9	13,8	6,3
151 Санитарлық торап	2,9	-	1,0
152 АҒЫЗҒЫШ бөлмесі	3,1 ^{1,2}	3,1	-
153 Аға медбике кабинеті	7,3 ³	-	-
154 Ординатор кабинеті	14,7 ³	-	-
155 Дәрігерлер кабинеті	27 ²	28,2	-
156 Қызметкерлер кабинеті (бөлмесі)	-	15,9	-
157 Санитарлық өткізу пункті:	-	-	-
157.1 қорғау киімін шешу бөлмесі	4,8	5,8	-
157.2 душ	1,3	1,2	2,3
157.3 санитарлық торап	1,3	1,4	1
157.4 қорғау киімін кию бөлмесі	5,3	6,3	-
157.5 қолданылған жеке қорғау құралдарына арналған бөлме	1,2	-	2,4
157.6 жеке қорғау құралдары	2,1 ³	1,5	-
157.7 шлюз	1,7	1,8	4,4
158 Медициналық мақсаттағы бұйымдар қоймасы (егу-емдеу бөлмесі)	-	-	11,7
159 Бөлімшеге кіргендегі шлюз	4,4 ^{2,3}	-	4,7
160 Санитарлық бөлме	9,7 ³	-	-
161 Ерітінділер дайындау бөлмесі	-	10	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Жансақтау және интенсивті терапия бөлімдерінің бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
162 Дәрет ыдысын жуу бөлмесі		5,3	-
163 Дәрет ыдысын жуу және дезинфекциялық құралдар бөлмесі	5,5	-	-
164 Экспресс-лаборатория	9	13,1	11,7
165 Медициналық қалдықтарды сақтау бөлмесі	6 ^{1,2}	6	-
166 Тұрмыстық қалдықтар бөлмесі	7,4 ³	-	-
167 Жинау құрал-жабдықтарының бөлмесі, кір киім	-	-	11,7
168 Жинау құрал-жабдықтарының бөлмесі	3,7 ^{1,2}	3,2	-
169 Күре тамырға құюдың егу-емдеу бөлмесі	10,8 ^{1,2}	-	-
170 Таза киім қоймасы	7,7 ³	-	-
171 Материал бөлмесі	5,2 ³	-	-
172 Бөлімше меңгерушісі кабинеті	7,5 ³	-	-
173 Кір киімді уақытша сақтау бөлмесі	5,2	5,9	-
174 Қолданылған жеке қорғау құралдарын уақытша сақтау бөлмесі	6 ²	-	-
175 Кіші және аға қызметкерлер бөлмесі	9,6 ^{2,3}	-	-
176 Наркоз-демалу аппараттарын дозалау бөлмесі	13 ³	-	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Жансақтау және интенсивті терапия бөлімдерінің бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
177 Қызметкерлердің демалыс бөлмесі	23,4 ¹	-	21,2
Мәйіттерді уақытша сақтау бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
178 Мәйіттерді уақытша сақтау бөлмесі	17,7	62,7	24,7
Стерилизациялау бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
179 Стерилизациялау бөлмесі	9,3 ³	-	15,1
180 Стерилизациялау стерилденбеген аймағы	10,7 ^{1,2}	10,3	-
181 Стерилизациялау стерилденген аймағы	8,1 ^{1,2}	8,8	-
182 Лас аспаптарды қабылдау	7 ^{1,2}	7,2	-
183 Жуу бөлмесі	7,1 ^{1,2}	7,3	-
184 Стерилді аспаптар қоймасы	6,2 ^{1,2}	5,4	-
185 Шлюз	2,3 ^{1,2}	2,3	-
Стационарды бөлімше (Мельцеров боксы) құрамы мен аудандары			
186 Бір төсектік палата			
186.1 шлюзсіз	-	6,5	-
186.2 шлюзбен	-	6,5+3,3	-
186.3 шлюзбен және санитарлық тораппен	-	6,5+6,1+3,3	-
186.4 шлюзбен, санитарлық тораппен және тамбур-шлюзбен	-	6,5+6,1+3,3+3,5	-
187 Екі орындық палата			
187.1 шлюзсіз	-	12,9	-
187.2 шлюзбен	-	12,9+3,3	-
187.3 шлюзбен және санитарлық тораппен	-	12,9+3,3+6,1	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Стационарды бөлімше (Мельцеров боксы) құрамы мен аудандары			
187.4 шлюзбен, санитарлық тораппен және тамбур-шлюзбен	-	12,9+3,3+6,1+3,5	-
188 Анализ жинау бөлмесі	-	3,4	-
189 Қалдықтар бөлмесі	-	9,6	-
190 Егу-емдеу бөлмелері	-	11,2	-
191 Таза киім қоймасы	-	7,1	-
192 Құрал-жабдық бөлмесі	-	7,1	-
193 Қозғалмалы аппаратураны сақтау бөлмесі	-	9	-
194 Үлестіру бөлмесі	-	13,9	-
195 Медбике бекеті	-	8,6	-
196 Дәрет ыдысын жуатын бөлме	-	6,3	-
197 Кір киім қоймасы	-	9,6	-
198 Санитарлық торап	-	6,7	-
199 Жинау құрал- жабдықтарының бөлмесі	-	3,5	-
200 Дезинфекциялық ерітінділер қоймасы	-	7,3	-
201 Шлюз	-	5,3	-
Ас блогы бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
202 Санитарлық өткізу пункті:			
202.1 санитарлық торап	-	2,2	-
202.2 душ	-	1,3	-
202.3 киім ауыстыру бөлмесі	-	5,7	-
203 Ұн цехы	-	16,2	-
204 Көкөніс цехы	-	11,8	-
205 Дайындау цехы	-	12,9	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Ас блогы бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
206 Ет цехы	-	12,9	-
207 Балық цехы	-	10,7	-
208 Құс цехы	-	11,2	-
209 Ыстық цех	-	62,2	-
210 Суық цех	-	12,9	-
211 Арбашалар қоймасы	-	10,4	-
212 Арбашаларды жуу бөлмесі	-	4,9	-
213 Экспедициялық бөлме	-	10,8	-
214 Демалыс бөлмесі	-	9,3	-
215 Қоймашы	-	6,5	-
216 Диетолог	-	7,8	-
217 Төсек орын жабдықтары қоймасы	-	2,2	-
218 Аспаптар қоймасы	-	5,8	-
219 Жуу бөлмесі	-	8,9	-
220 Нан қоймасы	-	5,5	-
221 Күндік қорлар қоймасы	-	10,5	-
222 Мұздатқыш камералар аймағы	-	45,1	-
223 Жүк түсіретін бөлме	-	9,7	-
224 Көкөністер қоймасы	-	8,7	-
225 Құрғақ заттар қоймасы	-	7,3	-
226 Қалдықтар қоймасы	-	5,3	-
Кір жуатын орын бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
227 Арбашалар қоймасы	-	7,4	-
228 Арбашаларды жуу бөлмесі	-	4,3	-
229 Демалыс бөлмесі	-	9,3	-
230 Бөлімше меңгерушісі	-	7,8	-

Бөлмелердің құрамы мен аудандары (жалғасы)

Бөлме атаулары	Төсек-орын саны 300-ге дейін құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Төсек-орын саны 300-ден аса (қоса есептегенде) құрастырмалы темірбетонды конструкциядан	Құрастырмалы- ағытпалы типті контейнерлі
Кір жуатын орын бөлмелерінің құрамы мен аудандары			
231 Төсек орын жабдықтары қоймасы	-	8,5	-
232 Гардероб	-	5,9	-
